


# Сәлеметсіздер ме!



Ақпараттанған адам әлемді игереді





# Мақсаты:

*Студенттердің информатика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру, білім деңгейін көтеру, сөйлеу шеберлігін, есте сақтау қабілетін дамыту.*

*Студенттерді шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу.*



# **АҚПАРАТТАНҒАН АДАМ ӘЛЕМДІ ИГЕРЕДІ**

**1-ТОП: “АЛҒЫРЛАР”**

**2-ТОП: “ТАПҚЫРЛАР”**


**3-ТОП: “ЖҮЙРІКТЕР”**

# Кезеңдер

- I кезең “Таныстыру”
- II кезең “Кім жылдам”
- III кезең “Ғажайып алаң”
- IV кезең “Жеті жұрттың тілін біл...” Полиглот
- V кезең “Құпия жәшік”
- VI кезең “Сөз тапқанға қолқа жоқ”
- VII кезең “Ақпаратты қабылдау”
- VIII кезең “Венгр сөзжұмбағы”
- IX кезең “Бұл кім”







**«Біреу озса сайыста, біреу артта қалады,  
Ренжімей тараса, озбағандар жарады.  
Жарыс заңы ежелден – жеңімпазды анықтау,  
Озат болу шарты сол – еңбектену, жалықпау.»**

Сайыскерлерге



сәттілік  
тілейміз

The top of the page features two symmetrical, ornate flourishes in shades of green and yellow. Below each flourish are two small, four-pointed starburst symbols, one orange and one light blue.

# Таныстыру







**I кезең**

**“Кім жылдам?”**

**Әр топқа 20 сұрақтан  
беріледі. Сұраққа жылдам  
жауап беру керек.**

**Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.**

# III кезең

## “ҒАЖАЙЫП АЛАҢ”



# «ҒАЖАЙЫП АЛАН»

Жұмбақтар  
әлемі

20

20

20

20

Жалғастыра  
жарысу

30

30

30

30

Ақпаратты  
сәйкестіру

40

40

40

40





Тұрады ол жолдар мен бағандардан  
Және тұрар ұяшықтар ағымынан  
Кәне ойланып көрейік ол не екен  
Баған аен жолдардан қиылысқан

кесте



Міне тағы қиналып тұрмын мен,  
Тақырыпты жаза алмай пернемен.  
Барлығы да үлкен әріп қайтемін?  
Көмек берші, енді нені басам мен?

**Caps lock**



*Жұртты өзіне қаратқан  
Ақпаратты сақтап, таратқан...*

Компьютер





Бір сарайда тұрады екен,  
Бес атаның балалары.  
Қыдырмашы біреуі,  
Бір күн барда, бір күн жоқ.  
Оны есепке алсаң,  
**Ұзын саны 107**

Пернетақта



Ғылым – теңіз,

білім – қайық



Қына тасқа бітеді,

Білім басқа бітеді





Білегі күшті бірді жығады

Білімі күшті мыңды жығады.



Білегіңе сенбе,

біліміңе сен



# Веб-дизайншының өз еркі, сайтты қалай жасаса

Қазаншының өз  
еркі, құлағын  
қайдан шығарса



Байт биттен құралады

Теңге тиыннан құралады



Жігітті компьютеріне қарап, бағала

Жігітті досына  
қарап, бағала





*Антивирусы күштіні-Вирус ала  
алмайды*

*Досы күштіні-жау  
алмайды*





*4-кезең*  
*Полиглот*

3 тілде айтылған  
жауапқа– 15 ұпай/

*"Жеті  
жұрттың  
тілін біл ..."*

*№1*

*Белгілі бір нәрсе  
(адам, жануар, зат, құбылыс)  
туралы таңбалар мен  
сигналдар түрінде берілетін  
мәліметтер тобын  
не дейміз?*

*№2*

Ақпараттың қайнар көзі?



**№3**

**Қағазға басу құрылғысы?**



*№4*

*Бар жоғын білмейсің  
Онсыз өмір сүрмейсің*

*№5*

*Қажет емес символды  
алып тастау пернесі*

**№6.**

**Өшіргенді жинаған,  
уақытша сақтаған.**

*№7*

*Батырмасын басасың  
Қажетті файлды ашасың*



*№8*

*Қабат-қабат қаптама  
Ақылын болса аттама .*

*№8*

*Экрандағы төрт бұрышты  
аймақ. Ол не?*

*№9*

*Бір сарайда тұрады екен,  
Бес атаның балалары.  
Қыдырмашы біреуі,  
Бір күн бар да, бір күн жоқ.  
Оны есепке алсаң  
Ұзын саны 107*

**№10**

**Сақталған құжатты ашу  
командасы?**



# V-кезең

## «Құпия жәшік»



**...- бұл қоршаған  
ортадан алатын білім,  
мәлімет немесе команда**



**Көбеюге және басқа  
бағдарламаларға жүтуге  
қабілетті, арнайы жазылған  
шағын көлемді компьютерлік  
бағдарлама қалай аталады?**

**Дұрыс  
жауап  
10 ұпай**

**Құпия жәшік**

# Принтердің түрлері

Дұрыс  
жауап  
10 ұпай


Құпия жәшік

**Компьютерде орналастырылған барлық жүйелерді, программаларды басқарады және компьютер мен адам арасындағы байланысты қамтамасыз етеді?**

**Дұрыс  
жауап  
10 ұпай**


**Құпия жәшік**

# Желі арқылы хабарламалардың алмасу жүйесі?





**Бір немесе бірнеше  
файлдарды сығу, ретімен  
қаттауға арналған файл.**



**Нәтижеге жету мақсатында  
атқарушыға қандай әрекеттерді  
жасау қажеттігін түсінікті әрі дәл  
етіп көрсететін нұсқаулар реті  
қалай аталады?**




**Құпия жәшік**

Монитор экранындағы бір  
нүкте не деп аталады?

Дұрыс  
жауап  
10 ұпай


Құпия жәшік

**... – бұл командалары  
бірнеше рет қайталанып  
орындалатын алгоритм**



# «Іріктеу кезеңі»

Ұпайы аз топ сайыстан шығады.





# VI - кезең

## СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

*Бұл айналымда әр топ “К” және “П” әрпінен басталатын информатикалық сөздер айту керек.*

*Әр дұрыс сөзге 5 ұнай беріледі.*



# «Сөз тапқанға қолқа жоқ»

- «К» әрпінен келетін информатикалық сөздер айтады:
- (компьютер, картридж, клавиатура, ксерокс, Кбайт, калькулятор, компакт-диск, курсор, копировать, контур, курсив)
- «П» әрпінен келетін информатикалық сөздер айтады:
- (принтер, плоттер, пернетақта, процессор, пішімдеу, паскаль, пробел, пуск, проводник, программа)

## **VII - кезең**

### **“Ақпаратты қабылдау”**

#### **«Топ капитандары» сайысы**

**екі топқа 10 сұрақ қойылады, яғни әр сұраққа  
«иә» не «жоқ» деп жауап қайтару керек,  
«иә» деп ойласаңыз «иә» деген орындыққа,  
жоқ» деп ойласаңыз «жоқ» деген  
орындыққа отыруыңыз керек  
Әр топ капитаны кезекпен жауап береді,  
яғни кезекпен  
орындықтарға отырады.**

*1... “INFORMATION” латын сөзі мәлімет дегенді білдіреді ме?*

*2. Ақпарат тасушы – сигнал болып табыла ма?*

*3. Мәтін, радио арқылы хабар, мысал графикалық ақпаратқа жата ма?*

*4. Жүйелік бағдарламалардың негізгі болып интерфейс табыла ма?*

*5. Сканерде кез келген кескінді сканерлегеннен кейін графикалық бағдарламаларда өңдеуге бола ма?*

*6. Қатқыл диск басқаша винчестер деп атала ма?*

*7. MS Word графикалық редактор ма?*

*8. Кез келген санның 0 дәрежесі 0 ме?*

*9. Меңзердің сол жағындағы символды өшіру пернесі Delete пе?*

*10. Чарлз Бэббидж компьютердің атасы ма?*



*11. 1642 жылы алғаш қосу машинасын француз математигі Блез Паскаль ойлап тапты ма?*

*12. ENIAC –тың (I ЭЕМ) салмағы 1 т болды ма?*

*13. Монитор бетіндегі түрлі түсті нүктелер пиксельдер деп атала ма?*

*14. Пернетақтаның регистрін ағылшын алфавитінен орыс алфавитіне ауыстыру: Alt+Ctrl ма?*

*15. Қапшық немесе бумада бірдей атпен, бірақ әр түрлі уақытта сақталған файл (құжат) сақтауға бола ма?*

*16. Пернетақтада абзацтан жазу пернесі Caps Lock болып табыла ма?*

*17. ЭЕМ-нің 5 буыны бар ма?*

*18. Принтердің 4 түрі бар ма?*

*19. Монитор адам денсаулығына зиянды компьютер құрылғысы ма?*

*20. Пробел бос орын қалдыру пернесі ме?*

**VIII - кезең**  
**«Венгр**  
**сөзжүмбағы»**

**Ұсынылып отырған  
сөзжұмбақтан  
информатикаға  
байланысты сөздерді  
табу керек.**

**М Т П Л О Т Т Н О М**  
**И Ы П Р Р Т Е И Д Е**  
**К Ш Н И Е Е Р О М М**  
**Р Қ А Н Т Р Н Н И Т**  
**О Н Т С Ө З Е Т Р О**  
**П Н И Б А Й Т Т Е З**  
**Р М В П И К М Е Р Е**  
**О Э И А Р С О Ү А Ф**  
**Ц Т Р И Х Е Д Я Й Л**  
**Е І У В Ж Л И Я И Ц**  
**С Н С Д А Ъ Ф И К А**  
**С О Р А Б О Н Е Н Т**




## **Жасырылған сөздер:**

**Микропроцессор, тышқан,  
мәтін, плоттер, принтер, сөз,  
байт, пиксель, архив,  
абонент, модификация, ұя,  
файл, терезе, монитор, модем,  
интернет, антивирус**



"БҰЛ КІМ?"



*1. Бұл кісі 1902 жылдың 2 қарашада Нижегородта мұғалімдер жанұясында дүниеге келген. 1928 жылы инженер-электрик мамандығын алып, Бауман атындағы университетте сабақ берген. Бұрынғы Кеңестер Одағында бірінші ЭЕМ 1947-1948 жылдары осы академиктің басшылығымен жасалады, оны МЭСМ деп атаған.*



*Сергей Алексеевич  
Лебедев*

*2. Есептеуіш техниканың қарқындап дамуы ХІХ ғасырдан басталды. 1833 жылы бұл ғалым бағдарлама арқылы басқарылатын „Аналитикалық машина,, жобасын жасады. Сондықтан да оны қазіргі компьютердің “атасы” деп те атайды.*



**Чарльз Бэббидж**

*ХІХ ғасырдың соңында американдық ғалым есепші – перфорациялық машина құрастырды. Өз машинасының көмегімен бұл ғалым көп адамдар жеті жыл бойы есептейтін есептеулерді үш жылда орындап шықты. Бұл кісі есепші перфорациялық машиналарды фирманың негізін қалады, кейін ол дүние жүзіне әйгілі компьютер шығаратын ІВМ фирмасына айналады.*



*Герман Холлерит*



*Дүние жүзі бойынша алғашқы 1846 жылы Бэббидж машинасына бағдарлама жазған бұл ғалым – әйел бірінші программист болып саналады. Бұл әйел атақты Байронның қызы.*



*Ада Лавлейс*

*1642 жылы бұл француз математигі он тоғыз жасында дүние жүзінде бірінші рет қосу машинасы деген атпен белгілі, жетектермен дөңгелектерден тұратын механикалық есептеу машинасын құрастырды.*




**Блез Паскаль**

*Қазіргі таңда бұл адам атақты „Microsoft„ компаниясының президенті. 13 жасында алғаш программасын құрған.*



*Билл Гейтс*

Қорытындылау,  
марапаттау.



КҮТТҮКТАЙМЫЗ!



**“Ақпарат “ деген сөз адамға  
нені білдіреді?**

*“Ақпарат” сөзі латынның  
түсіндіру, баяндау, мәлімет  
деген ұғымдарды білдіретін  
informatio сөзінен шыққан*





# Біз ақпаратты қайдан аламыз?

*Біз ақпаратты күнделікті  
өзіміз жүріп жатқан ортадан,  
газеттен ,журналдардан,  
теледидардан аламыз.*



# Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не?

*Біз дүние жүзіндегі күнделікті  
жаналықтармен  
таныстыратын газеттерді,  
радио мен теледидарды  
“Бұқаралық ақпарат  
құралдары” деп атаймыз*



# Адам ақпаратпен не істей алады?

*Адам ақпаратты сақтай алады, өңдейді және жеткізе алады.*



*Бейнелі ақпарат деп - табиғат  
көріністері және кескіндерді  
қабылдауды, дәм, иіс сезу арқылы  
алынатын ақпараттарды  
айтады.*



*Таңбалы ақпарат деп – адамның  
сөйлеу, жазу түрінде алатын  
ақпараттарын айтады.*



*Ақпараттық процестерді  
зерттейтін ғылым **информатика**  
деп аталады*





# Компьютер дегеніміз не?

*Ақпараттық процестерді жүзеге асыратын негізгі құрал – компьютер деп аталады*

